

«Бекітілген»
2022 жылдың 29 тамызында
өткен №1 педагогикалық кеңесте
бөбекжай-балабақша меңгерушісі:
Т.Тырысханова

ЖШС «Тұрсынкүл апа» бөбекжай балабақшасы

Жылдық жоспар

2022-2023 оқу жылы

2022-2023 оқу жылына арналған балабақшаның жылдық жоспарының құрылымы

I. Ұйымдастыру жұмыс

- 1.1 Кіріспе
- 1.2 2021-2022 оқу жылының жұмысын талдау
- 1.3 2022-2023 оқу жылының міндеттері
- 1.4 Балабақшаның күн тәртібі. (ҚР ДС министрінің №59 бұйрығы 09.07.2021ж)
- 1.5 Үлгілік оқу жоспары. Ұйымдастырылған іс әрекетінің кестесі
- 1.6 Бір жылға арналған іс- шаралар кестесі

II. Кадрлармен жұмыс

- 2.1 Педагогикалық кеңес
- 2.2 Өндірістік кеңес
- 2.3 Меңгеруші жанындағы кеңес
- 2.4. Аттестацияға дайындық және оның талаптарын орындау
- 2.5 Педагогтарды аттестаттаудан өткізу кестесі
- 2.6 Педагогтардың біліктілігін арттыру жоспары
- 2.7 Мектеп пен балабақша арасындағы байланыс жұмыс жоспары
- 2.8 Психолог жұмыс жоспары
- 2.9 Құқықтық жалпы оқыту (*Мектепке дейінгі ұйым қызметінде қолданылатын нормативтік құқықтық актілер*)
- 2.10 Медициналық қызмет
- 2.11 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жоспары (*Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс бойынша*)
- 2.12 Педагогикалық әдеп жоспары

III. Әдістемелік жұмыс

- 3.1 Әдістемелік кеңес
- 3.2 Семинарлар, семинар-практикумдер, дөңгелек үстелдер
- 3.3 Озық педагогикалық тәжірибені зерттеу, жинақтау
- 3.4 Жас мамандармен жұмыс
- 3.5 Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер
- 3.6 Шығармашылық топтың жұмыс жоспары

IV. Балалармен жұмыс

- 4.1 Қауіпсіздік мектебі
- 4.2 Ертеңгіліктер
- 4.3 Серуендер
- 4.4 Сайыстар, көрмелер

V. Бақылау мен басшылық

VI. Ата-аналармен жұмыс

- 6.1. Жалпы ата-аналар жиналысы
- 6.2 Топтық ата-аналар жиналысы
- 6.3 Ашық есік күнінің жоспары

VII. Жазғы сауықтыру жұмысы

VIII. Шаруа-әкімшілік жұмыстар

1. Ұйымдастыру жұмыс

1.1 Кіріспе

Жетісай ауданы «Қазыбек би» ауыл округі «Ә.Оспанов» елді мекені Қабылан ата көшесі №32 үйде орналасқан. Балабақша мемлекеттік комиссия шешімімен 2016 жылы 05 қаңтар айында іске қосылды. Балабақша бір қабатты, типтік ғимаратта орналасқан. Бірінші қабатта әкімшілік бөлмелері, асхана, өнер залы, кір жуатын бөлме, дәрігерлік көмек бөлмелері, оқу-ойын бөлмелері, жататын, ыдыс жуатын бөлмелер, төрт топқа арналған шешінетін, оқу-ойын, жататын, ыдыс жуатын бөлмелер, психологқа арналған бөлме, әжетхана бар. Қоймалар бар. Бейне камералар орнатылған.

Топтар 120 бала санын құрайды.

Су, электр жүйесі орталықтандырылған. Жылу жүйесі пеш арқылы газбен жылынады.

Балабақша цемент бетонмен қоршалған. Балабақша көгалдандырылған. Шырша, әсемдік, жеміс ағаштары қайың ағаштары бар, гүлзарларға күтім жасалуда.

Балабақша ауласында спорт алаңы, ойын алаңы, әр топқа арналған саяжайлар бар. Карусель, әткеншектер, сырғанақ төбешіктері, құм толтырылған кіші бастырмалармен жабдықталған. Алаң ағаштан жасалған ертегі кейіпкерлерінің мүсіндерімен безендірілген.

Медицина бөлмесі балалардың антропометриялық өлшеулерін анықтайтын құралдармен, кварцпен, сауықтыруға арналған медициналық құралдармен және дәрі-дәрмектермен жабдықталған.

Балабақша өртке қарсы құрал - жабдықтармен қамтылып, сақтандыру жабдықтары дайындалған.

Балабақшада 12 педагог жұмыс атқарады.

Жоғары білімді – 8 педагог

Арнаулы орта білімді – 4 педагог

. II санатты - 4 педагог

I санатты -

Санатсыз -

2022-2023 оқу жылында топты жас кезеңдеріне қарай 5 топқа бөлінді.

№	Топтар	Жас ерекшеліктері	Балалар саны	Оқыту тілі
1	«Балапан» кіші жас тобы	2 жастан бастап	20	қазақ
2	«Балбөбек» кіші топ	2 жастан бастап	25	қазақ
3	«Айжұлдыз» ортаңғы топ	3 жастан бастап	25	қазақ
4	«Ақкөгершін» ортаңғы тоб	3 жастан бастап	25	қазақ
5	Ересек «Балдаурен» тобы	4 жастан бастап	25	қазақ

Ғимарат көлемі – 537,4 ш/м

Лицензия –№ 17002669

БИН номері: 150740016447

Штат 25

Балалар саны – 120

Проектілік қуаттылығы 120 балаға арналған

Жұмыс уақыты 5 күндік, сағат 08.00 ден 18-30дейін

1.2 2021-2022 оқу жылының жұмысын талдау

Өткен оқу жылында балабақшада 5 топ жұмыс істеді. Онда 120 бала тәрбиеленуде. Балабақшада ҚР «Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдырға арналған бағдарламасы» аясында, «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының ережелерін негізге ала отырып педагогикалық жүргізілді.

Оқу тәрбие жұмыстарын жүргізуде педагогтар өтпелі тақырыптарға сүйеніп, Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына сай ұйымдастырылған оқу қызметін бес білім беру салалары бойынша кіріктіріп жұмыс жүргізді.

2021-2022 оқу жылындағы басты міндеттерімізге жету мақсатында ұжымда Денсаулық технологияларын ендіру арқылы балаларды салауатты өмір салтының құндылықтарына баулу, денсаулығын нығайту, түрлі шынықтыру және сауықтыру шаралары, дене бітімінің дұрыс қалыптасуына, қауіпсіз мінез-құлықтарының қалыптасуына арналған іс-шаралар өтті.

«Қатынас» білім беру саласы бойынша қоғамдық ортада инновациялық әдістер мен технологияларды қолданып, балаларды ауызша қарым-қатынас жасауға, диалог құру дағдыларын қалыптастыру, фонематикалық қабылдау дағдыларын, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, сөздік қорын байыту, көркем шығармаларды түсініп, эмоцианалды қабылдай білуге үйрету жұмыстары ұйымдастырылды. Ата-аналармен ватсап желісі арқылы қарым-қатынаста болып, балаларға арналған видеороликтер, ертегілер, әңгімелер, мультфильмдер, санамақтар мен ойындар ұсынылды.

Ересек тобы «Балдаурен» тобының тәрбиешісі А.Маханова «Тәуелсіздік» күніне арналған «Тәуелсіздік тұғырым» атты ертеңгілік өтті. Ортаңғы топ «Ақкөгершін» тобы тәрбиешісі Шекербекова Ж «Мен Отанымды қорғаймын», «Мен ептімін күштімін», «Шынықсаң шымыр боларсың», «Жайлаудағы төрт түлік» тақырыбында ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін өтті.

Балалардың жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтары мен бейімділіктерін ескере отырып, оларға арналған білім беру қызметінің саласын кеңейту, балалардың қажеттіліктері мен ерекшеліктеріне сәйкес, кіріктірілген іс-әрекетке жағдай жасау, білім беру процесін үйлестіру мақсатында вариативтік компонентке «Тіл ашар жаттығулары», «Шебер қолдар», «Логикалық ойындар», «Өсімдіктер әлеміне саяхат», «Ойнайық та ойлайық», үйірмелері жұмыс жүргізді.

Топтарда табиғат бұрышында балаларды жануарларды қорғап қамқор болуға, гүлдерді күтіп баптауға тәрбиелеуде жыл бойы еңбек ұйымдастырылды.

Терезе алдында бақша ұйымдастырып, пияз, жүгері, ағаш бұтақтарын егіп, балалар бақылау жасады.

Жаз мезгілінде балалардың денсаулығын сақтау мен шынықтыру мақсатындағы іс-шаралар ұйымдастырылды.

Ересек «Балдаурен» тобының тәрбиешілері А.Маханова, А.Умирбекова «Балабақша ауласында қандай ағаштар өседі?», «Жаз мезгіліндегі сауықтыру мерекесі», «Түрлі түсті шарлар», «Жалаң аяқ асфальтте жүру», «Тазалық денсаулық кепілі», «Шынықсаң шымыр боласың», «Әрқашан күн сөнбесін»

Мамандармен жылдық жоспар бойынша 5 пед кеңес, өндірістік кеңес, меңгеруші жанындағы кеңестер өткізілді.

Педагогикалық кеңестердегі күн тәртібіндегі мәселелер балабақшаның жылдық міндеттерімен байланыстырып алынды.

Педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуда, белсенділігі мен білімін тиянақтау мақсатында күн тәртібінде: «баяндамалар, пікір алмасу, сұрақ-жауап, кеңестер» алынып, көрмелер ұйымдастырылды.

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде денсаулық технологияларын ендіру арқылы балаларды салауатты өмір салтының құндылықтарына баулу, денсаулығын нығайту

Кеңестер. Әдіскер Ғ.Турешова

2. Балаларды креативтілік, сыни ойлау, коммуникативтілік және командада жұмыс істей білуге тәрбиелеу. Баяндама Тәрбиеші А.Маханова

3. Мектепке дейінгі мекемедегі заманауи педагогтың кәсіби біліктілігінің бір бөлігі-креативтілік. Тренинг. Психолог А.Умирбекова

4. Құммен ойнау сауықтыру үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу құралы ретінде пайдалану. Баяндама. Тәрбиеші Ж.Шекербекова

5. «Жаңартылған мазмұнда оқытудың тиімділігі». Баяндама Тәрбиешілер Ф.Мусаева, Л.Ерғалиева

6. Вариативті компоненттің жоспарлануы және өту сапасы. Салыстырмалы тексерудің қорытындысы. Ересектер «Балдаурен», ортаңғы «Ақкөгершін», «Айжұлдыз» тобы

Бір күндік оқу жүктемесінің сақталуы. Жедел тексеру қорытындысы. Барлық топ

Балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту мақсатында спорттық мерекелер, сауықтыру шаралары, дене шынықтыру мен таңертеңгі жаттығулар күнделікті жоспарлы түрде өткізіліп, қауіпсіздік ережелері сақталды.

1) Балабақша ауласында қандай ағаштар өседі?	VII	А.Маханова
2) Жаз мезгіліндегі сауықтыру мерекесі	VIII	А.Маханова
3) Түрлі түсті шарлар		Ж.Шекербекова
4) Жалаң аяқ асфальтте жүру		Ж.Шекербекова
5) Тазалық денсаулық кепілі		Ж.Шекербекова
6) Шынықсаң шымыр боласың		Ф.Мусаева
7) Әрқашан күн сөнбесін	VII	Ф.Мусаева
8) Су шашу ойыны		Л.Ерғалиева
9) Көңілді жаз		Л.Ерғалиева
10) Мысық пен тышқан ойыны		Л.Ерғалиева

11)Ұлттық ойын	VIII	А.Мақсұт
12)Денсаулық зор байлық		А.Мақсұт
13)Айболит бізде қонақта		А.Маханова
13)Құм неге сусымалы	VII	А.Маханова
15)Мен және менің денсаулығым		А.Маханова
16)Көңілді Аэробика		А.Маханова
17)Тазалық денсаулық кепілі	VIII	Ж.Шекербекова
18)Ертегіде қонақта		Ж.Шекербекова
19)Жайдары жаз келді		Ф.Мусаева
20)Бір,екі,үш-бойға жинап күш	VII	Ф.Мусаева
21)Көңілді ойындар		Л.Ерғалиева
22)Қуыршақты шомылдырамыз		Л.Ерғалиева

Жалпы ата-аналар жиналысы 3 рет, топ жиналыстары 3 рет өткізілді. Күн тәртібінде балалардың негізгі құзіреттіліктерін қалыптастыру және отбасында психологиялық –педагогикалық ыңғайлы жағдай мүмкіндіктерін қалай қалыптастыру, отбасында баланы тәрбиелеу, дамыту, балаға эмоцияналды жағдай орнату мәселелерін шешу жолдарын бірлесе отырып шешуге әрекет жасадық. Ата-аналармен сауалнама, пікір талас, тренингтер мен кеңестер ұйымдастырдық.

Жаңа оқу жылында Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдырға арналған мемлекеттік бағдарламасы негізінде, өткен оқу жылының қорытынды мониторинг нәтижесін және Қазақстан Республикасыне және Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатына сәйкес, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұны жағдайларында білім беру процесін жүргізу мақсатында, мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыру; мектепке дейінгі ұйымда балалардың табысты бейімделуі мен дамуы үшін жағдай жасау; коммуникативтілік, креативтілік, сыни ойлау, ынтымақтастық және командада жұмыс істей білу дағдыларын меңгеру;

балаларды жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға баулу мақсатында «Денсаулық» және «Қатынас» білім беру салаларын алу жоспарланды

Маусымдық сауықтыру жұмыстары да талапқа сай өткізілді.Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына жүргізілген 2021-2022 оқу жылдарындағы мониторингі бойынша талдау нәтижелері бойынша бастапқы, аралық, қорытынды жиынтық есеп талданып, нәтижесінде I деңгей-10%, II деңгей -37%, III деңгей -53% көрсетті. Орта және жоғары деңгей 90% құрады.

2022-2023 оқу жылын жоспарлау кезінде қолданылатын нормативті құжаттар

Білім беру ұйымдары өз қызметінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы.
2. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Заңы.
3. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 II Заңы.
4. «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі № 306 Заңы.
5. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы).
6. Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы N 77 қаулысы.
- 7.«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы / ҚР Білім және ғылым министрінің *2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы/*
- 8.«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы. /ҚР Білім және ғылым министрінің 12.05.2020 № 195 бұйрығы
9. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығына қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына 1-қосымша
- 10.Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделіҚазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысы

10.«Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, құралдардың және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 17 мамырдағы № 217 бұйрығы.

11.«Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы.

12.«Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығы.

13.Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 122 бұйрығы.

14. «Мектепке дейінгі ұйымдар, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы өкізуге арналған үлгілік шарттың және дуальды оқыту туралы үлгілік шарттың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығы.

15. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделіҚазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысы

16.«Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі N 338 бұйрығы.

17.«Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы.

18.«Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы.

19.«Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы.

20. «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы.

21. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы.

22. «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы № 59 бұйрығы.

1.3 2022-2023 оқу жылының міндеттері

Міндеттемелердің мазмұны	Мақсаттарға жету нәтижелері
Ұйымдастырылған іс - әрекетінде баланың жеке белсенділігін дамыту	-Тәрбиеші –педагог ұйымдастырылған әрбір оқу іс-әрекетінде әр жеке тұлғаның іс-әрекет белсенділігін,арттыруға көңіл бөлуі ; - заттар мен ойыншықтарды еркін қолдану мүмкіндігін қамтамасыз ету; - ойын іс- әрекетінде , дене жаттығуларын орындауда , музыка ырғағымен қимыл жасау жағдайын қамтамасыз ету; -сөйлеу, сенорлық, танымдық, эстетикалық дамуына жағдай жасау; -тәрбиелеу мен оқыту процесін дербестендіруді қамтамасыз ету; -әр балаға жеке білім беру бағытын әзірлей білуі ; -баланың дене дамуындағы проблемаларды анықтап,оның әрі қарай даму перспективасын жобалай білу;
«Денсаулық» және «Таным» білім дағдыларында білім алу құзіреттілігін қалыптастыру	* «Денсаулық» пен «Таным» білім дағдыларын кіріктіре дене қозғалысының белсенділігін дамыту; • Дене шынықтыру жаттығуларын табиғатпен үйлесе меңгеруді қалыптастыру • Математикалық ұғымдарды қимылды ойындар негізінде дамыту *Баланың күнделікті қозғалыс белсенділігін дамытып және физикалық қасиеттерін қалыптастыру. *Ата-аналармен балалардың денсаулығын нығайту және дамыту жолында біріккен әрекеттерді ұйымдастыруда отбасымен байланыс жұмыстарын нығайту. * Дене шынықтыру оқу іс-әрекетінде , денсаулық мерекелері мен күндерінде, спорттық кештер , спорттық жарыстар, спорттық отбасылық байқаулар арқылы денсаулықты нығайту жұмыстарын өткізу

«Тұрсынқұл апа» бөбекжай балабақшасы

**Ересек тобының күн тәртібі 2022-2023 оқу жылы
«Балдаурен» тобы**

Күн тәртібінің	Уақыты
Балдарды қабылдау,	08.00 – 08.20
Ата-аналармен әңгімелесу	08:00-08:20
Балалардың дербес әрекеті (бояу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	08:20-08:40
Таңғы жаттығу	08:40-09:00
Таңғы ас	09:00-09:30
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	09:30-09:55
Білімберу ұйымдарының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	09:55-10:35
Серуенге дайындық	10:35-10:55
Серуен	10:55-12:00
Серуеннен оралу	12:00-12:20
Түскі ас	12:20-13:00
Күндізгі ұйқы	13:00-15:10
Біртіндеп тұру, ауа, су , емшаралары	15:10-15:30
Бесін ас	15:30.-16:00
Балалардың дербес әрекеті (бояу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	16:00-16:30
Балалармен жеке жұмыс	16.30-16:50
Серуенге дайындық	16:50-17:00
Серуен	17:00-18.00
Балдардың үйге оралуы	18:00-18:30

«Тұрсынкүл апа» бөбекжай балабақшасы

Ортаңғы топтардың күн тәртібі 2022-2023 оқу жылы
«Ақкөгершін», «Айжұлдыз» топтар

Күн тәртібінің	Уақыты
Балдарды қабылдау,	08.00 – 08.30
Ата-аналармен әңгімелесу	08:20-08:30
Балалардың дербес әрекеті (бояу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	08:30-08:45
Таңғы жаттығу	08:45-09:00
Таңғы ас	09:00-09:30
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	09:30-09:45
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	09:45-10:30
Серуенге дайындық	10:30-10:40
Серуен	10:40-12:20
Серуеннен оралу	12:20-12:30
Түскі ас	12:30-13:00
Күндізгі ұйқы	13:00-15:10
Біртіндеп тұру, ауа, су , емшаралары	15:10-15:40
Бесін ас	15:40.-16:00
Балалардың дербес әрекеті (бояу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	16:00-16:15
Балалармен жеке жұмыс	16.15-16:30
Серуенге дайындық	16:30-16:50
Серуен	16:50-18.00
Балдардың үйге оралуы	18:00-18:30

«Тұрсынқұл апа» бөбекжай балабақшасы

Кіші топтар 2022-2023 оқу жылы «Балапан», «Балбөбек» топтар

Күн тәртібінің	Уақыты
Балдарды қабылдау,	08.00 – 08.30
Ата-аналармен әңгімелесу	08:20-08:30
Балалардың дербес әрекеті (бояу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	08:30-08:45
Таңғы жаттығу	08:45-09:00
Таңғы ас	09:00-09:30
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	09:30-09.45
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	09:45-10:30
Серуенге дайындық	10:30-10:40
Серуен	10:40-12:20
Серуенен оралу	12:20-12:30
Түскі ас	12:30-13:00
Күндізгі ұйқы	13:00-15:10
Біртіндеп тұру, ауа, су , емшаралары	15:10-15:40
Бесін ас	15:40.-16:00
Балалардың дербес әрекеті (бояу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	16:00-16:15
Балалармен жеке жұмыс	16.15-16:30
Серуенге дайындық	16:30-16:50
Серуен	16:50-18.00
Балдардың үйге оралуы	18:00-18:30

1.5 Үлгілік оқу жоспары

«Тұрсынкүл апа бөбекжай балабақшасының 2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жұмыс жоспары

№	Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	«Балдаурен» ересек тобының (4-жастағы балалар)	
		апталық	жылдық
1	Дене шынықтыру-3	3	108
2	Дене шынықтыру	күн сайын	күн сайын
3	Сөйлеуді дамыту-2	күн сайын	
4	Көркем әдебиет-2	күн сайын	
5	Сауат ашу-3		
6	Қазақ тілі	1	36
7	Қазақ тілі	күн сайын	
8	Математика негіздері-3	күн сайын	
9	Құрастыру	күн сайын	
10	Сурет салу	күн сайын	
11	Мүсіндеу	күн сайын	
12	Жапсыру	күн сайын	
13	Музыка-2	2	72
14	Қоршаған ортамен таныстыру -2	күн сайын	
	Ұйымдастырылған іс-әрекетінің ұзақтығы		
	Ұйымдастырылған іс-әрекетінің жалпы жүктеме көлемі	6	216
	Барлығы	6	216

**«Тұрсынқұл апа» бөбекжай балабақшасының 2022-2023 оқу жылына арналған
тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жұмыс жоспары**

№	Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	«Ақкөгершін» ортаңғы тобының (3- жастағы балалар)		«Айжұлдыз» ортаңғы тобының (3- жастағы балалар)	
		апталық	жылдық	апталық	жылдық
1	Дене шынықтыру-3	3	108	3	108
2	Дене шынықтыру	күн сайын		күн сайын	
3	Сөйлеуді дамыту	күн сайын		күн сайын	
4	Көркем әдебиет	күн сайын		күн сайын	
5	Қазақ тілі-1	1	36	1	36
6	Қазақ тілі	күн сайын		күн сайын	
7	Математика негіздері	күн сайын		күн сайын	
8	Құрастыру	күн сайын		күн сайын	
9	Сурет салу	күн сайын		күн сайын	
10	Мүсіндеу	күн сайын		күн сайын	
11	Жапсыру	күн сайын		күн сайын	
12	Музыка-1	1	36	1	36
13	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын		күн сайын	
	Ұйымдастырылған іс әрекетінің жалпы жүктеме көлемі	5	180	5	180
	Барлығы	5	180	5	180

**«Тұрсынкүл апа» бөбекжай балабақшасының 2022-2023 оқу жылына арналған
тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жұмыс жоспары**

№	Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	«Балбөбек» кіші тобының (2- жастағы балалар)		«Балапан» кіші жас тобының (2- жастағы балалар)	
		апталық	жылдық	апталық	жылдық
1	Дене шынықтыру-3	3	108	3	108
2	Дене шынықтыру	күн сайын		күн сайын	
3	Сөйлеуді дамыту	күн сайын		күн сайын	
4	Көркем әдебиет	күн сайын		күн сайын	
5	Қазақ тілі-1				
6	Қазақ тілі				
7	Математика негіздері	күн сайын		күн сайын	
8	Құрастыру	күн сайын		күн сайын	
9	Сурет салу	күн сайын		күн сайын	
10	Мүсіндеу	күн сайын		күн сайын	
11	Жапсыру	күн сайын		күн сайын	
12	Музыка-1	1	36	1	36
13	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын		күн сайын	
	Ұйымдастырылған іс әрекетінің жалпы жүктеме көлемі	4	144	4	144
	Барлығы	4	144	4	144

«Тұрсынқұл апа» бөбекжай балабақша

«Балапан» кіші жас тобының 2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
оқу іс- әрекет кестесі

КІШІ ЖАС ТОБЫ

<i>Апта күндері</i>	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<i>Ұйымдастырылған іс-әрекет</i>	Дене шынықтыру (1,0)	Музыка (1,0)	Дене шынықтыру (1,0)	Дене шынықтыру (1,0)	

1	Дене шынықтыру**	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту	күн сайын
3	Көркем әдебиет	күн сайын
4	Сенсорика	күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын
7	Мүсіндеу	
8	Жапсыру	
9	Құрастыру	
10	Музыка***	күн сайын

«Тұрсынқұл апа» бөбекжай балабақша

«Балбөбек» кіші тобының 2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған оқу іс- әрекет кестесі

КІШІ ЖАС ТОБЫ

<i>Апта күндері</i>	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<i>Ұйымдастырылған іс-әрекет</i>	Дене шынықтыру (1,0)	Музыка (1,0)	Дене шынықтыру (1,0)	Дене шынықтыру (1,0)	

1	Дене шынықтыру**	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту	күн сайын
3	Көркем әдебиет	күн сайын
4	Сенсорика	күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын
7	Мүсіндеу	
8	Жапсыру	
9	Құрастыру	
10	Музыка***	күн сайын

«Тұрсынкүл апа» бөбекжай балабақшасы

**«Ақкөгершін» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған оқу іс- әрекет кестесі**

**Ортаңғы топ
(3 жастан бастап)**

<i>Апта күндері</i>	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<i>Ұйымдастырылған іс-әрекет</i>	Дене шынықтыру (1,0)	Дене шынықтыру (1,0)	Музыка (1,0)	Дене шынықтыру (1,0)	Қазақ тілі (1,0)

1	Дене шынықтыру**	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту	күн сайын
3	Көркем әдебиет	күн сайын
	Қазақ тілі***	күн сайын
4	Математика негіздері	күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын
7	Мүсіндеу	
	Жапсыру	
8	Құрастыру	күн сайын
9	Музыка****	

«Тұрсынкүл апа» бөбекжай балабақшасы

**«Айжұлдыз» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған оқу іс әрекет кестесі**

**Ортаңғы топ
(3 жастан бастап)**

<i>Апта күндері</i>	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<i>Ұйымдастырылған іс-әрекет</i>	Дене шынықтыру (1,0)	Дене шынықтыру (1,0)	Музыка (1,0)	Дене шынықтыру (1,0)	Қазақ тілі (1,0)

1	Дене шынықтыру**	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту	күн сайын
3	Көркем әдебиет	күн сайын
	Қазақ тілі***	күн сайын
4	Математика негіздері	күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын
7	Мүсіндеу	
	Жапсыру	
8	Құрастыру	күн сайын
9	Музыка****	

«Тұрсынқұл апа» бөбекжай балабақшасы

«Балдаурен» ересектер тобы 2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған оқу іс әрекет кестесі

Ересек тобы

<i>Апта күндері</i>	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<i>Ұйымдастырылған іс-әрекет</i>	Дене шынықтыру (1,0)	Қазақ тілі (1,0)	Дене шынықтыру (1,0)	Музыка (1,0)	Дене шынықтыру (1,0)
		Музыка (1,0)			

1	Дене шынықтыру**	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту	күн сайын
3	Көркем әдебиет	күн сайын
	Қазақ тілі***	күн сайын
4	Математика негіздері	күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын
7	Мүсіндеу	
	Жапсыру	
8	Құрастыру	күн сайын
9	Музыка****	

1.6 Бір жылға арналған іс-шаралар кестесі

[illegible]

II.Кадрлармен жұмыс
2.1 Педагогикалық кеңестер

Мақсаты: Оқу тәрбие үдерісінің сапасын жақсарту

№	Педкеңестің бағдарламасы мен тақырыбы	мерзімі	Жауаптылар
	№1 пед.кеңес		
1	«Тұрсынкүл апа» бала-бақшасының 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспарымен таныстыру және бекіту.	Тамыз	Б/б меңгерушісі Г.А.Шырынханова
2	Нормативтік құқықтық құжаттар. (Әдістемелік нұсқау-хат, стандартпен бағдарлама, Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі)		Әдіскер Ғ.Турешова
3	Балабақшадағы топтардың жасына қарай оқу қызметінің кестесін, күн тәртібін, балалармен жұмыс жоспарларын бекіту.		Б/б меңгерушісі Г.А.Шырынханова
4.	Әр түрлі мәселелер.		
2	№2 пед.кеңес 1.Балалардың танымдық және зияткерлік дағдыларын арттыру жолдары. 2.Ұлттық тәрбие –ұлт болашағы. 3.Ойын-бала дамуының басты құралы. 4.Заттық –кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастырылуы және жабдықталуы. Ашық есік күні	Қараша	Әдіскер Ғ.Турешова Тәрбиеші А.Маханова Психолог С.Мамахан Тәрбиеші Ж.Шекербекова Әдіскер тәрбиешілер

3	№3 Пед.кеңес Тақырыбы: Жарты жылдық жұмыстың қорытындысы 1.Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы 2. Құммен ойнау сауықтыру үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу құралы ретінде пайдалану.Баяндама. 3. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметін талқылау «Балапан» кіші тобы «Қонжықтың көмегі»	Қаңтар	Меңгеруші Г.А.Шырынханова Тәрбиеші Ф.Мусаева Ғ.Турешова
1 2 3 4. 5.	№ 4 Педкеңес Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы «Жаңартылған мазмұнда оқытудың тиімділігі».Баяндама Тәрбиешілер Ашық ұйымдастырылған оқу қызметін талқылау Ересек «Балдаурен» тобы тәрбиеші Кіші топтардың ҰОҚ мақсат-міндеттерінің, өтпелі тақырыптарының жас ерекшелігіне сай жоспарлануы.Тақырыпты тексеру қорытындысы Балабақша ауласын көгалдандыру. Кезекші топпен жұмыс істеу. Коронавирус ауруының алдын-алу шаралары.	Наурыз	Тәрбиеші А.Маханова Тәрбиеші А.Мақсұт Тәрбиеші А.Маханова Әдіскер Ғ.Турешова Әдіскер Ғ.Турешова Пед.ұжым

	№ 5 педкеңес 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде. 2. Тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстарға есеп беру 3.Қорытынды мониторинг 4. Медициналық кеңестер, жазғы сауықтыру және жөндеу жұмыстары	Мамыр	Әдіскер Ғ.Турешова Барлық топ тәрбиешілері Ғ.Турешова Мед.бике З.Сейтимова
--	---	-------	---

2.7 Өндірістік кеңестер

№	Мазмұны	Мерзімі	жауаптылар
1	1. Балабақша қызметкерлерін ішкі еңбек тәртібімен, лауазымдық міндеттерімен таныстыру 2. Балалардың өмірімен денсаулығын қорғау 3. Балаларды тамақтандырудың ұйымдастырылуы 4. Қызметкерлердің штаттық бірлік кестесін бекіту	қыркүйек	Б/б директоры Медбике
2	1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы 2. Балабақшаның қысқы жылу мерзіміне дайындығы, топтарға жылудың берілуі мен сақталуы. 3. Қызметкерлердің демалыс кестесін талқылау және бекіту 4. Жаңа жыл мерекесіне дайындық	желтоқсан	Б/б директоры Медбике
3	1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы 2. Топтардағы санитарлық эпидемиологиялық нормалардың орындалуы	наурыз	Б/б директоры Медбике

	3. Акция: «Гүлді алея» (ата-аналармен бірге көшеттер отырғызу) 4. Өртүрлі мәселелер		
4	1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы 2. Жазғы сауықтыру шараларын талқылау және бекіту 3. Жазғы мезгілде балалардың өмірімен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулық 4.Өрт қауіпсіздігі техникасын сақтау	мамыр	Б/б директоры Медбике

2.3 Меңгеруші жанындағы кеңес.

Міндеті: Педагогикалық іс-әрекеттің мотивациялық –оятушылық қызметін қалыптастыру.

к/с	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар	Ескерту
	№1			
	1. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы.Шолу тексерудің қорытындысы 2. Жалпы ата-аналар жиналысына дайындық 3. Мониторинг-2022 өзгешеліктерімен таныстыру 4. Тіл мерекесіне арналған апталықтың іс-шаралары және «Алтын күз» мерекесінің бағдарламасын бекіту 5. Балаларды жас ерекшелігіне сай топтарға бөлу,тәрбиешілерді бекіту	Қыркүйек	Меңгеруші Г.А.Шырынханова Тәрбиешілер Меңгеруші Г.А.Шырынханова психолог С.Мамахан Пед.ұжым	

	№2			
	1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде 2. Топтарда «Жыл мезгілдеріне арналған бұрыштар» сапасы 3. «Тәуелсіздік тұғырым» тақырыбында ашық есік күнін өткізу 4. Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекелерінің бағдарламасынын бекіту	Қараша	Меңгеруші Г.А.Шырынханова Әдіскер Ғ.Турешова Меңгеруші Г.А.Шырынханова	
	№3			
	1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде 2. Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекелерін талқылау 3.Бастапқы мониторинг нәтижесі	Қаңтар	Меңгеруші Г.Шырынханова Әдіскер Ғ.Турешова Тәрбиеші А.Маханова	
	№4			
	1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде 2. « Асыл анам» аналар мерекелерінің бағдарламасын бекіту 3. «Балалардың күн тәртібіне сәйкес таза ауада болуы» Жедел тексеру қорытындысы	Наурыз	Меңгеруші Г.Шырынханова Әдіскер Ғ.Турешова Тәрбиеші А.Маханова	
	№5 1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде. 2.Сегізінші наурыз. 3.Наурыз мерекесін талқылау. 4. Жазғы маусымға арналған іс-шараны бекіту	Мамыр	Меңгеруші Г.Шырынханова Тәрбиеші Ф.Мусаева Әдісер Ғ.Турешова	

